

Бекітемін
Қостанай медициналық
колледжінің директоры



С. Катпенова
С. Катпенова

2017 ж. «10» *мамыр*

2017-2018 оқу жылына
Қостанай медициналық колледжіне
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер «Қостанай медициналық колледжі» МКҚК (ары қарай – Колледж) студенттер қатарына қабылдау, қабылдау емтихандарды өткізу, құжаттарды қабылдау тәртібін анықтайды.

1.2. Колледжге қабылдау ережелері (ары қарай –Ережелер) келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдесінен Қазақстан Республикасының Заңына.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтарынан № 130 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім ұйымдарына оқытуға қабылдаудың Типтік ережелеріне.

- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпаннан № 264 Қаулысына.

– «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет,

1.3. Қостанай медициналық колледжіне жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік (бастапқы кәсіби және орта кәсіби) , екінші орта кәсіптік мен жоғары (жоғары кәсіби) білімдері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекет азаматы, азаматтығы жоқ тұлғалар болып табылатын қазақ ұлтының тұлғаларына колледжге оқуға түсуге Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқық беріледі.

1.4. Оқуға тапсыру барысында келесі аразаматтар үшін квота қарастырылады:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін - 1 пайыз;

2) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін - 2 пайыз;

4) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - 1 пайыз.

2. Құжаттарды қабылдауды және кіріспе емтихандарды өткізуді ұйымдастыру

2.1. Колледждің қабылдау комиссиясы жұмысын 1 маусымнан бастайды. Өтініштер 20 маусымнан 20 тамызына дейін күндізгі оқу бөліміне бюджет және келісім-шарт негіздеріне жүргізіледі, консультация, қабылдау кешенді емтихан (тестілеу) 1 тамыздан 28 тамызға дейін өткізіледі, азаматтарды қабылдау 25 тамызынан 30 тамызына дейін жүргізіледі.

2.2. Колледжге оқуға талапкерлерді қабылдау туралы өтінішіне, білімі туралы құжатын (түпнұсқа), қосымша флюорографиясы сурет бар № 0-86 үлгі медициналық анықтамасы, 3x4 мөлшерлі 4 суретін, I - II топтағы және балалық шақтан мүгедектер медициналық-әлеуметтік сарапшылардың қорытындысы, тұрмысқа шыққандар неке туралы куәлігінің көшірмесін қоса тіркейді.

Талапкердің тұлғасын растайтын құжаттарды жеке өзі, ата-анасы немесе заңды өкілі ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын - босқынның куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға - пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) оралман - оралман куәлігі.

Талапкерлерден оқыту нысандары бойынша алынған өтініштер әр бір мамандық бойынша журналдарда бөлек тіркеледі.

2.3. Кешенді тестілеудің сертификатын (жоғары оқу орындарға түсу үшін осы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдардың түлектері) ұсынған азаматтар жалпы білім пәндері бойынша кіріспе емтихандарды тапсырмайды және осы Ережелердің 2.13 пунктінде көрсетілген шарттарына сәйкес конкурсқа жіберіледі.

2.4. Жалған жасалған құжаттар немесе Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарын бітіретін оқушылар шығару және аттестация, ауыстыру тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес емес рәсімделген құжаттар айқындаған жағдайда, қабылдау комиссиясы колледжге оқуға түсу үшін құжаттар қабылдамауға немесе басқа жедел шаралар қолдануға құқықты.

2.5. Колледжге түсетін азаматтар (өткен жылдардың түліктері) қабылдау емтихандарын қазақ немесе орыс тілдерінде тапсыруға құқығы бар. Құжаттар тапсыру кезінде талапкерлер өз тандаулары туралы қабылдау комиссиясын хабардар етуге міндетті.

2.6. Оқуға түсушілер мамандық және оқу тілін таңдауына қарай 3 (үш) пән бойынша кешенді емтихан (тестілеу) тапсырады: қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы, биология немесе химия.

2.7. Мамандық пен біліктіліктің атаулары №1 қосымшада көрсетілген. Әр мамандық үшін пән тізбесі мен оқыту формасы №2 қосымшада көрсетілген.

2.8. Тестілеу формасында қабылдау емтиханын өткізу барысында әр пән бойынша тест тапсырмаларының (сұрақтардың) саны 25; әрбір тестік тапсырманың дұрыс жауаптары 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша емтихан 2 сағат 15 минутқа созылады; дұрыс жауаптардың кодтары тестілеу аяқталған соң ілінеді.

2.9. Кешенді тестілеу нәтижелері тапсырылған күні жарияланады.

2.10. Егер талапкерлер кешенді тестілеу пәндері бойынша 35-тен төмен ұпай жинаса, онда ол конкурсқа қатыспайды.

2.11. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі

даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрайымы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрайымы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрайымның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

2.12. Пәндер бойынша тестілеуді немесе қабылдау емтиханын қайта тапсыруға болмайды.

2.13. Азаматтарды білім беру ұйымына қабылдау тұлғалардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурс өткізіледі: Қазақстан Республикасының ЖОО-на оқуға түсу үшін кешенді тестілеу формасында өткізілген қабылдау емтихандарының нәтижесінде берілген сертификат балдарының негізінде; тестілеу формасында немесе қабылдау емтихандарының нәтижесіндегі балдардың (бағалардың) негізінде

Оқуға қабылдауға конкурсты өткізу барысында осы Ереженің 2.6. бөліміне сәйкес кешенді тестілеудің үш пән бойынша балдардың саны есептеледі.

Үш пән бойынша 35 балдан төмен жинаған тұлғалар оқуға қабылдауға өткізілетін конкурсқа жіберілмейді.

Конкурстың шарттары техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын оңай меңгеруге қабілетті және дайындалған азаматтарды қабылдауға және білім беру құқығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Білім беру грантына конкурс өткізу барысында, сонымен қатар техникалық және кәсіптік, орта және жоғары білімнен кейінгі кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар қатарына қабылдау барысында көрсеткіштері тең болған жағдайда жетім балалар және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, сонымен қатар кәмелеттік жасқа дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасының жастар қатарындағы азаматтар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан Соғысы мүгедектері мен қатысушыларына теңдестірілген тұлғалар, балалық шақтан мүгедектер, медициналық қорытынды бойынша тиісті білім беру ұйымдарында оқу денсаулығына зиянды болмайтын мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәлік, аттесттар, дипломдар) тұлғалар басымдылық құқығына ие болады.

1. Мамандық 0301000 «ЕМДЕУ ІСІ»
Біліктілігі 0301013 –Фельдшер
оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай.

2. Мамандық 0301000 «ЕМДЕУ ІСІ»
Біліктілігі 0301023 – Акушер
оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай.

3. Мамандық 0302000 «МЕЙІРГЕР ІСІ»
Біліктілігі 0302033 – Жалпы практикадағы медбике
оқу мерзімі - 2 жыл 10 ай

4. Мамандық 0305000 «ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА»
Біліктілігі 0305013 –Медициналық лаборант
оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай

5. Мамандық 0306000 «ФАРМАЦИЯ»
Біліктілігі 0306013 – Фармацевт
оқу мерзімі –2 жыл 10 ай

6. Мамандық 0304000 «СТОМАТОЛОГИЯ»
Біліктілігі 0304023 – Дантист
оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай.

Мамандық атауы	Оқыту тілі	Мамандық бейіні пәні
0301000 «ЕМДЕУ ІСІ»	Орыс тілі	Биология
0302000 «МЕЙІРГЕР ІСІ»	Қазақ тілі, орыс тілі	Биология
0305000 «ЛАБОРАТОРЛЫҚ ДИАГНОСТИКА»	Орыс тілі	Биология
0304000 «СТОМАТОЛОГИЯ»	Орыс тілі	Биология
0306000 «ФАРМАЦИЯ»	Орыс тілі	Химия